

● ПРЕЗИДЕНТ

ЖАСТАР ҚУАТТЫ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН

Орал қаласында Мемлекет басшысының қатысуымен «Жастар қуатты Қазақстан үшін» атты форум өтті. Форумға студент, спортшы, шығармашыл және жұмысшы жастардың 2000-ға жуық өкілі келді. Сондай-ақ Атырау және Маңғыстау облыстарының жастары да тікелей эфир арқылы осы іс-шараға қатысты.

Мемлекет басшысы қатысушыларды форум жұмысының басталуымен құттықтап, жастардың негізгі бастамаларды жүзеге асыруға белсене қатысып жүргеніне тоқталды.

Қазақстан Президенті форумға көптеген белгілі спортшылар қатысып отырғанына назар аударды.

– Біздің Илья Ильин, Геннадий Головкин, Денис Тен, Александр Винокуров және оларға қоса Лондон Олимпиадасында көпті тәңгі еткен өзге де олимпиадашыларымыздың есімдері бүкіл әлемге танымал. Олар жаңа буын үшін лайықты үлгі болып саналады. Бүгінде спорт саласында 1500 спорт нысаны – стадиондар, бассейндер, хоккей және теннис корттары жұмыс істейді. Бүгінгі біздің форумның Қазақстан теннис федерациясының көмегімен салынған осы заманауи Теннис орталығында өтіп отыруы да бекер емес. Мұнда болашақ чемпиондар тәрбиеленеді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы әлемнің озық 30 елінің қатарына кіру жолындағы жаңа кезеңнің басталғанын атап өтті.

Форумда жастар сөз сөйлеп, өздеріне ұдайы қолдау көрсететін Мемлекет басшысына алғыстарын айтуға, сондай-ақ «Қазақстан-2050» стратегиясын жүзеге асыру ісіне белсене қатысуға әзір екендіктеріне сендірді.

Форум 4 қортты, 300 орынға арналған трибуналары бар теннис орталығында өтті. Кешен дене шынықтыру және сауықтыру іс-шараларын өткізуге, халықтың белсенді демалысына арналған.

Елбасы Батыс Қазақстан облысына жасаған сапарында ресми іс-шаралар сарайы, «Орал-Зенит», «Орал трансформатор» зауыттарын да болды.

● БРИФИНГ

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР БАҒАСЫ НЕГІЗСІЗ КӨТЕРІЛМЕЙДІ

“Сыр медиа” ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында журналистермен жүздескен табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Нұрлан Пірімов департаменттің өткен жылғы қорытындылары мен биылғы жылы атқарылатын міндеттер жайында айтып берді.

Департамент 60 қызмет түрін көрсететін 38 табиғи монополия субъектілері қызметтерін реттейді және үстемдік жағдайға ие 10 нарық субъектілеріне қатысты баға белгілеуді де іске асырады.

Жалпы өткен жылы облыс бойынша реттелетін коммуналдық қызметтердің тарифтері жылудымен жабдықтау қызметімен айналысатын 3 субъектінің тарифтерін қоспағанда өзгеріссіз қалдырылды. Соның ішінде департаменттің тарифтік сметалардың орындалуына жасаған талдау қорытындысы бойынша 19 табиғи монополия субъектілеріне 28 уақытша өтемдік тарифтер 0,04 пайыздан 14,4 пайызға дейін төмендетіліп енгізілді. Сөйтіп тұтынушыларға қайтару сомасы 890 млн теңгені құрады. Сонымен қатар 13 субъектіге нормативтік-техникалық ысыраптар деңгейі бекітіліп, оның ішінде 10 субъектіге төмендетілді. Оның экономикалық тиімділігі 64,3 млн теңгені құраған. Ал 11 субъектінің шикізат, материалдар, отын және энергия шығынының техникалық және технологиялық нормаларының экономикалық тиімділігі 15,8 млн теңге болды. Осы жылы 1682 млн теңге болатын алты инвестициялық бағдарлама да бекітілді. Сондай-ақ, өткен жылы бәсекелестік деңгейін және нарықта үстеме немесе монополиялық жағдайға ие субъектілерді анықтау мақсатында 14 тауар нарығына талдау жүргізілді. Талдау қорытындысы бойынша 4 субъекті тізілімге енгізіліп, 3 субъекті тізілімнен шығарылды. Мұнан бөлек есепті кезеңде 2 табиғи монополия субъектілеріне жоспарлы тексеру және 3 үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілеріне тергелуер жүргізілді. Олар бойынша және бақылаудың өзге нысандары арқылы 30 заң бұзушылықтар анықталып, тиісті шаралар қабылданды.

Биылғы жылдың бірінші тоқсанында да реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің тарифтері электр энергиясының тарифін қоспағанда өткен жылғы деңгейде қалдырылды. Дегенмен үстіміздегі жылдың ақпан және сәуір айларынан бастап электр энергиясын өндіріп, босататын компаниялардың тарифі төмендетілуіне байланысты облыстағы энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың тарифтері де төмендетілді. Осы бірінші тоқсанда облыстағы газ бағасы да айтарлықтай арзанды. Жалпы тарифтерді қайта қарау және бекіту бойынша жүргізілген жұмыс нәтижесінің экономикалық тиімділігі 3192,4 млн теңгені құрады.

Айгали ҚАРАБАЛАЕВ.

МҮГЕДЕКТЕРГЕ АРНАЛҒАН жеке оңалту бағдарламасы әзірленуде

Облыс бойынша 2015 жылдың 1 қаңтарына зейнетақы және төлемдер алушылар саны 276 мың адамды құрады. Оның ішінде зейнетақы және әлеуметтік төлемдер алушылар саны – 61619, базалық зейнетақы төлемін алатындар – 63111, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатындар – 31004, арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушылар – 66815 және басқа да төлем алушылар бар.

Бұл деректерді «Сыр медиа» жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында өткен брифингте Еңбек, әлеуметтік қорғау және қош-қон комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысы Төрәхмет Жолымбетов ақпарат құралдары өкілдеріне жеткізді. Ол облыс бойынша 2014 жылға зейнетақы және әлеуметтік төлемге төленген қаржы көлемі 51,9 млрд теңге болғанын хабарлады. Т.Жолымбетов атап өткеніндей, 2015 жылдың қаңтарынан бастап ең жоғары зейнетақының мөлшері базалық зейнетақыны қоса есептегенде 72128 теңгені, орташа зейнетақы 52300 теңгені және ең төменгі зейнетақы мөлшері 34874 теңгені құрайды.

Брифингте өткен жылдың қорытындысы бойынша алғашқы мүгедек болып танылғандардың саны көбейгені туралы деректер келтірілді. Егер де 2013 жылы алғашқы мүгедектіктің интенсивті көрсеткіші 10 мың адамға шаққанда 26,6 пайыз болса, 2014 жылы бұл көрсеткіш 29,3 пайызға жеткен. Әйтсе де алғашқы рет мүгедектікке шалдыққандардың басым көпшілігі еңбекке жарамды адамдар болып табылады. Департамент басшысы бүгінгі күні жергілікті атқарушы органдардың аймақтық мүгедектің жағдайын тұрақты деңгейге келтіру бағытында облыс әкімі тапсырмасына сәйкес департамент облыстық денсаулық сақтау басқармасымен бірлесіп, жұмыс жүргізуде. Сонымен бірге, департамент арқылы мүгедектерді кешенді түрде оңалту мақсатында мүгедектерге арналған жеке оңалту бағдарламасын әзірлеу және оның орындалу тиімділігін қадағалау жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі уақытта ел халқының 15,4 пайызы немесе 1 млн-нан астам адам халыққа қызмет көрсету орталығы және зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың бөлімшелері жок ауылдық елді мекендерде тұрады. Осыған байланысты шалғай елді мекендерде тұратын азаматтарға әлеуметтік төлемдер тағайындауға құжаттарды қабылдау үшін арнаулы мобильдік топтар ұйымдастырылатын болады. Саладағы тағы бір жаңалық – 2015 жылдың 1 сәуірінен бастап міндетті әлеуметтік сактандыру жүйесіне қатысушылар үшін жұмыстан айырылған жағдайда мемлекеттік әлеуметтік сактандыру қорынан төленетін төлемдерді тағайындау жұмысыз ретінде тіркелген кезде автоматты түрде жүзеге асырылады.

Ы.ТҰРЛЫҒҰЛОВ.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

4

СӘУІР
СЕНБІ

2015 ЖЫЛ
№47-48 (18935-18936)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТИ

www.syrboyi.kz

● САПАР

АУЫЛ АЗАМАТТАРЫМЕН АЖАРЛЫ



Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың солтүстік аудандардағы жұмыс сапары Қазалыда жалғасты.

Сапарын шалғайдағы Шәкен ауылынан бастаған аймақ басшысы Түктібаев елді мекеніне аялдады. Кеңес одағының батыры Үрмәш есімін иеленген құтты қоныс егін егіп, мал өсірумен шұғылданады. Сондай-ақ бағбандықты жете меңгерген тұрғындар да баршылық. Әсіресе қауынның «қара құлаб» аталатын түрін өсірумен көпке танымал. Дәмі тандайына тағитын, бал-шырынды дақылға тамсанбайтындар кемде-кем. Іргелі ауылда кәсіпкерлік жақсы дамыған. Мұндағы дүкен сөрелеріндегі заттың құны аудан орталығындағы нарықтан төмен. Түктібаевтың кәсіпкерлер айналымға салатын бұйымдарды Түркістан қаласынан өздерінің жеке жүк көліктерімен тікелей тасымалдайтындықтан осындай жеңілдіктер жасайды. Нақты кезеңде жиі айтылып жүрген «елдасыз сауда» дегеніміз осы да. Ауылда өткен жыл көлемінде жұртшылық үшін аса маңызды бірнеше нысандар пайдалануға берілді. Солардың бірі 150 орындық клуб ғимараты болатын. Құлау қаупіндегі бұрынғы клуб жайлы талай айтылып, жазылды да. Бірақ селт еткен жанды байқамадық. Тек өткен жылы облыс басшысының қолдауымен жамағатты толғандырған мәселеге нүкте қойылды. Еңселі әрі көркем клуб салынып, іске қосылды. Жағымды жаңалық жалқы болмады. Су жаңа дәрігерлік амбулатория

көпшілікке есігін айқара ашты. Имандының жүзі жарқын. Ілешала «Орынбет ишан» атындағы мешіт демеушілік тәсілмен бой көтерді. Бүгінгі кездесуді имандылық үйінің жанында өткізген облыс әкімі мешітке теледидар тарту етті. Елдегі ағайынның атынан Мемлекеттік сыйлықтың иегері Түлкібай Мұханов аймақ басшысына ризашылық білдірді. «Жанқожа батыр» мешітінің бас имамы Қайрат қажы Дәуіржанұлы аруақтарға арнап құран бағыштады.

Майдакөледгі тұрғындармен жүздескен Қырымбек Елеуұлы Бекарыстан би ауылындағы № 24 мектептің жай-күйімен танысты. Білім ордасының жанындағы «Боздақтар» монументі жанында мектеп оқушыларынан жасакталған теңізші формасындағы құрметті қарауылдар сап түзепті. Мектеп жанынан ашылған шағын орталықтағы кішкентай тәрбиеленушілердің өнерін сүйсіне тамашалаған аймақ басшысы балғындарға сыйлық ретінде ойыншықтар тапсырды. Мұнан соң ауыл тұрғыны Ұлы Отан соғысының ардагері, «Қызыл Жұлдыз» орденінің иегері Қабақ Смағұлдың отбасына арнайы барып сәлемдескен Қырымбек Елеуұлы ақсақалға ізет көрсетті.

Аймақ басшысы келесі кезекте Жанқожа батыр ауылына келді. Қазіргі таңдағы ауыл келбеті ерекше көркем. Бұрынғы жүргіншілерді мүлде титықатқан кедір-бұдыр жолдан сілем қалмаған. Оқтаудай түзу көшелер жаныңды жадыратады.



Жанқожа баба ауылына сапалы ауыз су құбырының тартылуы, көшелердің түнгі жарықтандырылуы, ардагерлер аллеясы, керемет саябақ жасалуы, еңселі балабақша, өзге де нысандар бой көтеруге ауылдың ажарын танымасты өзгертіпті. Халық батыры Жанқожа Нұрмұхаммедұлының 240 жылдығы аясында қолға алынған игілікті істер әлі де жалғасын табуда. Орталықтағы жасанды көкмайсалы алаңда жастар футбол ойынын қыздырып жатты. Мұның өзі батыр ұрпақтарының салауатты өмірді тандағандарын аңғартып тұрды. Мәдениет үйіндегі жиында ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әли Шайқұлов аймақ басшысының жерлерістері атынан ризашылық білдірді.

Мұнан соң аймақ басшысы Ақтан батыр ауылында, Қазалы қаласындағы жеке кәсіпкер Нұрбек Қазбергеновтың конфет шығару цехында болды. Абай ауылына кіреберіс жол үстінде Сырдария өзені арқылы өтетін қалқымалы көпірдің жайын білген облыс әкімі бұл көпірге қоса Әлсейіт өткелінің де назарда екенін, көптен бері қозғалып жүрген күрделі тақырыптың шешімін табуға барынша жұмыс жасалатынын жеткізді.

Осы күні аймақ басшысы Басықара, Пірімов, Жалаңтөс, Мұратбаев ауылдарында болды.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

ЕЛ БІРЛІГІ – ЕРЕН ІСТЕР БАСТАУЫ

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың Арал ауданына жұмыс сапарының екінші күні орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің қызметімен танысудан басталды.

Жұмыс уақыты енді ғана басталғанымен, мұндағы оқырмандар шоғыры мол екен. Жиналған қауым ел ағасының киелі орлаға ертелетіп келуін жақсы нышанға балаған еді. Арал қаласында бірнеше кітапхана бар. Солардың ішіндегі Пушкин атындағы кітапхана кітап қоры жағынан өзгелерден шоктығы биік саналады. Бірақ ескі ғимарат апатты жағдайда тұр. Көптен бері қозғалып келе жатқанымен әліге дейін шешімін таппаған бұл мәселе көпшілік қауымның қабырғасына аяздай батып жүрген еді. Енді білім - ғылымды бәрінен биік қоятын аймақ басшысының тікелей қолдауымен мәселе шешімін табатын болды. Ел ішіндегі жалпақ тілде «Аралдың төлқұжаты» атанған абыз ақсақал, байырғы журналист Шокірат Дармағанбетұлының аталымш кітапханана «жаңа ғимарат бой көтерсе» деген өтінішін Қырымбек Елеуұлы салғаннан қуаттады. Өкімнің «Шкое, ұсынысыңыз орындалады. Көп ұзамай алғашқы кірпішін қалайтын боласыз» деген жауабын естіген үлкен-кішінің қуанышында шек болмады.

Аралдықтарды күтіп тұрған жарқын істер мұнымен шектелмейді. Қалада көптен халықтың арманына айналған газдандыру жұмысы қызу жүргізілуде. Құрылыс



● САЙЛАУ – 2015

ЕЛДІҢ САЯСИ ӨМІРІНДЕГІ ЕҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒА

Елдің саяси өміріндегі ең маңызды оқиға – Президент сайлауы жақын қалды. Бүгінде сайлауға дайындық кезең-кезеңімен жүргізілуде. Елді аз күнде сайлаушылар елдің болашағына қатысты тарихи таңдауын жасайды. Осындай салмақты саяси оқиға қарсаңында облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Қорғанбек Қайроллаұлымен сұхбаттасқан едік.

– Қорғанбек Қайроллаұлы, алағаш Президент сайлауының маңызы туралы не айтасыз? – “Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы” 2015 жылғы 25 ақпандағы №1018 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы 2015 жылдың 26 сәуіріне тағайындалды. Бүгінде ҚР Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен 3 кандидат тіркеліп, үгіт жұмыстарын жүргізуде: өзін-өзі ұсынған Ә.Құсайынов, “Нұр Отан” халықтық

партиясы ұсынған қазіргі еліміздің Президенті Н.Назарбаев және “Қазақстан Коммунистік Халық партиясы” ұсынған Т.Сыдықов. Әрине, Президент сайлауының маңызы жоғары, демократиялық қоғам құрудағы келесі қадам екені анық.

– Сайлауға әзірлік, яғни, сайлау учаскелері шекарасының, комиссия құрамының, сайлаушылар тізімінің нақтылануы барысы қалай жүргізілуде?

– Сайлауға дайындық өзінің реттілік кезеңдерімен жүруде. Сайлау учаскелерінің шекаралары, сайлау комиссияларының құрамы үстіміздегі жылдың 4 наурызына дейін жергілікті газет беттерінде жарияланған. Облыс әкімдігінің «e-kyzylorda.gov» ресми сайтында «қоғам» сілтемесінің ішінде “Сайлау – 2015” айдары ашылып, онда учаскелердің шекаралары мен комиссиялардың құрамдары және облыстық, қалалық барлық аудандық және облыс бойынша 345 учаскелік сайлау комиссияларының мекен-жайы, орналасқан

орны, телефон нөмірлері, электронды поштасы көрсетілген. Сайлау учаскелерінің осы деректері «118», «169» анықтама қызметтеріне де берілген.

Сонымен қатар осы сайттың басты бетінде «Өзінді тексер!» Сенің даусың маңызды!» ұраны жазылып, сайлаушы өзінің жеке куәлігіндегі ЖСН көрсету арқылы қай сайлау учаскесінде тіркелгендігін анықтай алатын іздеу жүйесі іске қосылғандығын атап өткім келеді. Сайлаушылардың тізімін сайлау комиссиялары осы жылдың 5 сәуірінен бастап әкімдіктерден қабылдайды, оны нақтылау жұмыстарын жүргізіп, 10 сәуірден бастап сайлау учаскелері арқылы таныстырыла бастайды.

– Сайлаушылардың тізімінде сайлаушы жоқ болған жағдайда не істеу керек?

– Сәуірдің 5-не дейін сайлаушы әкімдікке барып, өзін енгізу туралы өтініш жазуы қажет, ал 5 сәуірден кейін учаскелік сайлау комиссиясына хабарласады.



ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕССИЯСЫ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 36 сессиясы 2015 жылғы 9 сәуірде сағат 12-00-де облыстық мәслихаттың мәжіліс залында (Облыстық мекемелер үйі) ашылады және сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. «2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 236 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
2. Қызылорда облысы әкімдігінің дербес құрамына өзгерістер енгізуге келісім беру туралы.
3. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы 2015 жылғы 9 сәуірде сағат 11-00-де өткізіледі.

Облыстық мәслихат.



САЙЛАУ – 2015

ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ҚОЛДАУ ТАНЫТТЫ



Кеше Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат Нұрсұлтан Назарбаевтың Республикалық қоғамдық штабының мүшелері Алматы қаласына сапарының екінші күнінде зиялы қауым, ғылым және шығармашылық өкілдерімен, ардагерлер ұйымдарының және патриоттық клубтардың өкілдерімен, қала кәсіпкерлерімен кездесіп, «Инновациялық технологиялар паркі» АЭА-на барды.

Алматылық зиялы қауым өкілдері Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістіктеріне мақтанады.

«Барлық ғылым қауымдастық Нұрсұлтан Назарбаевтың бағытын қолдайды», - деп атап өтті өз сөзінде Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов.

Қазак Ұлттық аграрлық университетінің ректоры Тілекес Есполов өз кезегінде Мемлекет басшысының қолдауының арқасында тек соңғы бес жылда отандық ғылымды қаржыландыру көлемі екі есеге артқанына тоқталды.

Кездесуде Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Нұрлан Оразалин де сөз алды. Оның пікірінше, қазіргі кезді шығармашы адамдардың алтын дәуірі деуге болады. Өйткені олар дана көшбасшысы мен бірлігі жарасқан халқы бар жас, жоғары қарқынмен өсіп-өркендеп келе жатқан күшті мемлекетті өз көзімен көріп, шығармаларына арқау ете алады.

Қазақстандық академик Сұлтан Сартаяв ел аралап жиі шығатынын және барлық өңірлерде құрылыс қрандарын көретінін жеткізді. Ғалымның айтуынша, бұл Президенттің сарабал саясатының басты нәтижелерінің бірі. Елбасы Қазақстанды аймақтың жетекші державаларының қатарына шығарды.

Атақты эңші Әбібөк Дінішев Нұрсұлтан Назарбаев отандық мәдениет пен өнерді дамытуда көп еңбек сіңіргенін атап өтті. Еліміздің түкіпр-түкірінде ашылып жатқан жаңа театрлар оның бұл сөзіне дәлел болып табылады.

РҚШ мүшелерінің келесі болған жері – «Инновациялық технологиялар паркі» АЭА қызметкерлерімен кездесу болды. 2011 жылдан бері осы арнайы экономикалық аймақ қатысушылары – 2 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз еткен 150 инновациялық кәсіпорын. Өткен жылы өндірілген өнім 10,5 млрд теңгені құрады, ал салық аударылымдарының көлемі – 2,4 млрд. теңгеге жетті.

Алматыға сапары барысында Республикалық қоғамдық штабтың мүшелері қаланың ардагерлер ұйымдары мен патриоттық клубтардың, сондай-ақ бизнес-қоғамдастықтар өкілдерімен кездесті.

ЖЕТІСТІККЕ БІРГЕ ЖЕТЕМІЗ

Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат Н.Ә.Назарбаевтың Республикалық қоғамдық штабының мүшелері Алматыда қала активімен, студент жастармен, Алматы көпір құрастырмалары зауытының жұмысшыларымен кездесті, сондай-ақ Ұлт Көшбасшысының мыңдаған жастарының форумына қатысты.

Делегация қрамында – Республикалық қоғамдық штабтың жетекшісі Мұхтар Құл-Мұхаммед, «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек, Қазақстанның Патриоттар партиясының төрағасы Ғани Қасымов, «Ақ жол» Демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев, «Бірлік» партиясының төрағасы Серік Сұлтанғали, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, YЕУ өкілдері, ғылыми және шығармашы зиялы қауым, танымал қоғам қайраткерлері және басқалары бар.

Республика сарайына 3 мыңға тарта алматылықтар, Президенттің серіктері, қоғам қайраткерлері, ардагерлер, қаланың құрметті азаматтары, этномәдени бірлестіктердің, жастар ұйымдарының, шағын және орта бизнестің өкілдері кезекті рет Н.Ә.Назарбаевқа өздерінің қолдауын білдірді.

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш үкімет төрағасы Сергей Терещенко активте Нұрсұлтан Назарбаев көрнекті мемлекет қайраткері екенін атап көрсетті, 24 жылдың ішінде ол елде жан басына шаққанда ДЖӨ үлесін 30 еселеп астамға арттыра білді.

Белгілі мемлекет қайраткері Қуаныш Сұлтанов Елбасы Қазақстанды әлемдік аренада ірі де салмақты халықаралық қоғамдастықтың беделді мүшесі дәрежесіне жеткізгенін атап өтті.

«Бірлік» партиясының төрағасы Серік Сұлтанғали Нұрсұлтан Назарбаевтың ең басты сіңірген еңбегі оның көпқұлтты және көпконфессиялы қазақстандық халықты біріктіріп, соңынан ерте білгені, оларды топтастырып, гүлденуге жеткізгені екенін мәлім етті.

Активке Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Асылы Осман қатысты. Белгілі ғалым және педагог Нұрсұлтан Назарбаевтың дана саясатының арқасында әрбір қазақстандық ұлтына немесе шаңқаққа тегін Қазақстан өмірде үлкен табыстарға жете алатынын атап өтті. Асылы Осман мұны біздің республикамыздағы демократия дамуы деңгейінің басты көрсеткіші деп санайды.

Нұрсұлтан Назарбаев туралы атақты Нұрғиса Тілендиевтің қызы өзінің жүрекжарды лебізін аса жылылықпен атап өтті. Белгілі және талантты дирижер Дінзүхра Тілендиева Ұлт Көшбасшысына мәдениет пен өнер саласына әкелік қамқорлығы үшін шынайы алғысын білдірді.

Түстен кейін Республикалық қоғамдық штабтың мүшелері Алматы қаласы жоғары оқу орындарының студенттерімен кездесті.

Студенттер алдында сөз алған Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ректоры Жәния Әубәкірова «бүкіл әлем тұрақсыздықты бастан кешіп жатқанда Қазақстан бұрын-соңды болмаған «Нұрлы жол» бағдарламасын және сонымен бірге «Мәңгілік Ел» рухани-адамгершілік ұлттық идеяны жүзеге асыра отырып, өзінің әлеуетін арттыра түседі» деп атап өтті. Мұның барлығын мектептегі мұғалімнің мақтанышы, топтаса түсу және заманымыздың танылған саяси көшбасшысы біздің Елбасымен бірге болашаққа деген сенімі турғызды.

РҚШ мүшелері сондай-ақ Алматы көпір құрастырмалары зауытының жұмыскерлерімен де кездесті. Онда 700-ден астам адам еңбек етеді. Аталған зауытта Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» көлік дәлізінің құрылысына қажетті жоғары сапалы теміржол өнімдері шығарылады.

Республикалық қоғамдық штаб мүшелерінің Алматыға жұмыс сапарының алғашқы күні Елбасы жастарының форумын аяқтады. Оған 5000-ға жуық адам қатысты. Форумда «Нұр Отан» партиясы саяси бюросының мүшелері Қуаныш Сұлтанов пен Светлана Романовская, Ауғанстандағы соғыс ардагерлері қауымдастығының төрағасы Бақытбек Смайұлы, 2000 жылғы Сиднейдегі Олимпиада чемпионы Ермхан Ибраһимов және «Түпvision-2014» жеңімпазы Жаһар Дүргалова сөз сөйледі. Алматылықтардың мәлімдеуінше, Қазақстанға күшті Президент қажет. Сондықтан олар Нұрсұлтан Назарбаевқа дауыс береді.

ТҮТЫНУШЫЛЫҚ САНАДАН САҚ БОЛАЙЫҚ



Қазақстан Коммунистік Халықтық партиясынан Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат Тұрғын Сыздықов Қостанай қаласында «Баян Сұлу» АҚ кондитерлік фабрикасы ұжымының өкілдерімен кездесті.

Кездесу барысында кандидат Сыздықов өзінің сайлауалды тұғырнамасының басты бағыттарымен таныстырды.

Алдымен, ол Қазақстан Коммунистік Халықтық партиясының қызметі ғылыми социализм идеялары, маркстік-лениндік ілім мен прогрессивті қоғамдық ойларға негізделіп құрылғанын атап өтті.

«Біз қоғамдық дамудың біртұтас материалистік теориясы ретінде марксизм-ленинизмнің ғылыми және идеологиялық негіздеріне сүйеніп қызмет атқарамыз.

Марксизм коммунистер үшін – қоршаған әлемнің өзгеруімен бірге үнемі дамып отыратын, қоғамның дамуындағы қордаланған және жаңа деректерді ой елегінен өткізетін шығармашылық ғылым.

Алға қойылған мақсаттарға жету үшін марксизм-ленинизмді және Қазақстан Коммунистік Халықтық партиясының бағдарламалық шарттары мен оның қызметін насихаттау мақсаты, – делінген Т.Сыздықовтың сайлауалды тұғырнамасында.

Сонымен қатар, Тұрғын Сыздықов өзінің сайлауалды тұғырнамасының тағы бір қағидаты – батыс мәдениетінің теріс ықпалы жайында мәселе көтерді.

«Руханилықтың мәнін түсіретін батыс құндылықтары мақсатты түрде астамшыл тұтынушылық сана қалыптастыруда», – деп атап өтті өз сөзінде.

Адамның психикасы мен денсаулығына тікелей қауіп төндіретін ақпараттық ықпалдар бар.

Мысалы, жай ғана компьютерлік ойыншықтардың өзі психика мен денсаулыққа кері әсерін тигізеді», – деп Сыздықов.

«Еуропалық елдерде тұтынушылық қоғам құрылымдарының қалыптасуынан туындаған батыстық мәдениет дағдарысы батыстық өркениеттің эмбебап құндылықтар мен әлеуметтік тұрмыс-тіршілік нормаларына деген наразылықтарына қарама-қайшы келеді», – делінген кандидаттың сайлауалды тұғырнамасында.

Сондай-ақ кездесу барысында Қостанай облыстық комитетінің бірінші хатшысы Алыпбай Әлімбаев жиналған жұртты аймақтық сайлауалды штабтың жұмысымен таныстырды.

БАТЫС ҚҰНДЫЛЫҒЫНАН ҚАҰП КӨП

Қазақстан Коммунистік Халықтық партиясынан Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат Тұрғын Сыздықов Қостанай қаласында «Большевичка» АҚ тігін фабрикасының ұжымының өкілдерімен де кездесті.

Кездесу басында Тұрғын Ысқақұлы сайлауалды тұғырнамасының негізгі аспектілерін ұсынды.

«Коммунистер үшін марксизм – қоршаған өмірдің өзгеруіне, қоғамдық дамуғағы жаңа құбылыстар мен деректерді жинақтап, мәнін түсінуден байланысты ұдайы дамып келе жатқан жасампаз ғылым болып табылады.

Алға қойылған мақсаттарға жету үшін марксизм-ленинизм мен Қазақстан Коммунистік Халықтық партиясының бағдарламалық ұстанымдарын және оның қызметін насихаттау қажет», – делді Тұрғын Сыздықов.

«Бүгін мен қазіргі заманда адамгершілік құндылықтарын өзгертетін негізгі мәселелер туралы партияның атынан мәлімдеп отырмын.

Тек коммунистер ғана емес, басқа да ірі саясаткерлердің, экономистердің, ғалымдардың пайымдауынша, батыс қоғамы әлсіздік болып табылады. Коммунистік ойларды іске асыру адам мен табиғаттың үйлесіне сеніпін тигізеді», – деген ол бүгінде батыстық тұрмыс салтының кемшіліктері мәдениет саласында анық байқалып отырғандығын жеткізді.

Қазіргі заманғы батыс қоғамы капиталистік жолдың алысқа апармайтынын көрсетіп отыр.

Заманауи әлемдегі тобымсыз тұтынушылық дегеніміз не? Бұл қолдан жасалған жалған құбылыс. Ол «міраңқ мәні – жеке бастың қамы» деген теріс тәрбие береді.

Адамгершілік құндылықтар жүйесін өмірге деген қанағатсыз көзқарас алмастырды. Бұл өскенде ұрпақты тәрбиелеуде біркарш күрделі мәселелер туындатуда.

Батыс мәдениеті бизнеске айналып, Оның құндылықтарының басты шарты сұраныс мен қысым қатынасына ғана негізделген.

Соңғы жылдары әлемді толықтан саяси және экономикалық дағдарыстар жиілеп кетті. Экономика мен қаржы салаларын дендеген трансұлттық корпорациялардың үстемдігі қоғамның ыдырауына алып келді.

Батыс қоғамы сүйеніп келген орта тап бірте-бірте моральдік тұрғыда азып-тозған тоғышар тұтынушыға айналып отыр.

Прогресті регресс алмастырды. Адамзат осы күнге дейін жинақтап келген моральдік және мәдени құндылықтар көлөнеге кетіп, бір мезеттік қажеттілікті қанағаттандыру басты мақсатқа айналды.

ҚКХП Қостанай облыстық комитетінің бірінші хатшысы А.Әлімбаев баяндағандай: «Кандидатымыздың сайлауалды штабы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, тиісті ақпараттық қызмет атқаруда.

Штабымызды 5 сенімді тұлға бар. Олар үгіт-насихат материалдарын орналастырып, халықпен кездесулер ұйымдастырумен айналысады».

Сондай-ақ, үгіт-насихат жұмысында «Қазақстан Коммунисті» газеті, партия сайты, Интернет пен әлеуметтік желілер белсенді қолданылуда.

ТАБИҒАТ БАЙЛЫҒЫН БАҒАЛАЙЫҚ



ҚР Президенттігіне үміткер Әбілғазы Құсайынов Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданындағы «Молсервис» ЖШС ұжымымымен кездесуі өткізді.

Өз сөзінде Ә.Құсайынов жиын қатысушыларын сайлауалды тұғырнамасының негізгі бағыттарымен таныстырды.

Ә.Құсайыновтың айтуынша, біркарш әлем елдерінде экономиканы қарқынды дамытуда бағытталған жұмыстар қоршаған табиғи ортаның мүмкіндіктерін ескермей, оған шамадан тыс күш салып жатыр.

Табиғат қойнауын тиімсіз пайдалану, табиғи ортаның қалдықтармен ластануы, теңдік қор мен биологиялық әртүрліліктің азуы табиғи ортаның, адамзат мекендеген айналың құлдырауына алып келуі мүмкін.

Адамның өндіріске негізделген тұрмысынан туындаған озын қабатының бұзылуы, әлем мұхиттарының ластануы, жер мен оның құнарлы қабатының жұтандануы, биологиялық әртүрліліктің азып-тозуы сынды құбылыстар бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналды.

Әдетте, өндіріс кезінде осы жерлерде тұрып жатқан халықтың мүддесімен қатар, онда өсетін бірегей өсімдіктер мен сирек кездесетін аңдардың қауіпсіздігі ескерілмей жатады. Бүгінде адам өз қолымен өзінің өмір сүретін кеңістігін шектесуде.

Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат Әбілғазы Құсайынов Петропавлдағы «Севказэнерго» ЖШС жұмысшы ұжымымен де кездесті.

Кездесу барысында ҚР Президенттігіне кандидат өзінің сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары туралы баяндап берді.

«Экологиялық аспектілердің қажеттілігі мен өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелерін назарға ала отырып, экологиялық қауіпсіз дамуға көшудің негізгі міндеттерін адамзат дамуымен қатар қарастыруды ұсынып отырмын.

«Экологиялық аспектілердің қажеттілігі мен өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелерін назарға ала отырып, экологиялық қауіпсіз дамуға көшудің негізгі міндеттерін адамзат дамуымен қатар қарастыруды ұсынып отырмын.

Жағымсыз экологиялық жағдай жалпы әлемдегі өзекті проблемаға айналып отыр, себебі өнеркәсіпті дамытуда қоршаған ортаның мүмкіндіктерін назардан тыс қалып, көп жағдайда табиғатты қорғау технологиялары пайдаланылмайды», – деп атап өтті Әбілғазы Құсайынов.

Биологиялық әртүрліліктің азаюы – осынау әрекеттердің салдары. 21 ғасырдағы қазіргі үрдіс сақталатын болса, ғаламшарды мекен еткен барша тіршіліктің 1/5 бөлігі мүлде жойылып кетуі мүмкін.

Аталмыш мәселелердің маңызы аса зор, себебі жалпы адамзаттың болашағы осы түйткілдердің сапалы шешілуіне тәуелді.

Ә.Құсайынов өз баяндамасында атап өткендей, бүгінде экологияның кең мағынасына тереннен бойлап, жеке үйін, яғни биосфера, оның даму ерекшеліктерін мен осы үрдістердің адамның ролі ретінде түсінуге келеді.

Адам өз әрекетінің салдары жайында ойланбастан, биосфераны жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында пайдалана бастады.

Адамзаттың барлық техогендік жетістіктеріне қарамастан, адамдар табиғат әлемі өз траекториясымен өмір сүріп, дамитаынан, табиғаттың дүлей күші адам еркіне көнбейтінін естен шығарып алды.

Соңғы жылдары Жер шарының түрлі нүктелерінде орын алған табиғи апаттар соның айқын дәлелі.

Табиғат алапат күшіне мінесе, жер сілкінісі, құрғақшылық, су тасқыны немесе цунами ретінде ғана жауап беріп қоймай, одан да қауіпті жағандық оры тоғымсыз кайғыға алып келуі мүмкін.

Адам биосфера дамуының заңдарын жақсы түсініп, оның құлдырауына алып келетін әрекеттерді бақылауда ұстауы керек және жоғарыда атап өткен үрдістердің алдын алу үшін барын салуы тиіс», – деген пікірімен бөлісті ҚР Президенттігіне кандидат.

ӨНЕРКӘСІПТЕ ҚАҰПСІЗДІКТІ САҚТАУ МАҢЫЗДЫ

ҚР Президенттігіне кандидат Әбілғазы Құсайынов Петропавл қаласында «Қызылжар су» ЖШС ұжымымен кездесу өткізді.Серіктестік жұмысшыларымен кездесу барысында Әбілғазы Құсайынов экологиялық мәселелерді қамтыған өзінің сайлауалды тұғырнамасының негізгі бағыттарымен таныстырды.

Ә.Құсайынов жынға қатысушыларға жаһандық экологиялық қызметтің негізгі векторлары туралы баяндап, табиғатты қорғау мәселесінде ғылымиң маңызына ерекше тоқталды. Бұл – экологиялық қауіпсіздік, климат пен су ресурстарын, «жасыл» технологияны зерттеу жұмыстарын қоса алғанда, бірталай міндеттер кешенін қамтитын маңызды мақсат.

Кандидаттың айтуынша, әлемде күні бүгінге дейін экологиялық проблемаларға тиісті назар бөлінбей келеді. Халықаралық қауымдастықтар мен мамандандырылған ұйымдардың атқарып жатқан экологиялық жұмыстары конференция, талқылаулар, шешімі жоқ даулармен ғана шектеліп отыр.

Ал әлемде табиғат қойнауын тиімсіз пайдалану, теңдік қор мен биологиялық әртүрліліктің азыю топырақтың құнарсызданып, судың ластануына, жалпы, қоршаған ортаның құлдырауына алып келуде.Сондай-ақ, кандидат әлемдік өнеркәсіптің қарқынмен артып отырған техогендік апаттардың алдын алу мәселесіне арнайы тоқталып өтті.

Ә.Құсайынов атап өткендей, жер жүзінде адам пайда болып, оның өркеніеті өскен сайын, биосфера эволюциясында жаңа – антропогендік фактор іске қосылды. Адам биосфераны жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайдалана бастады.

Алайда, қоршаған ортаны қаншалықты өзгертуге тырысқанымызбен, Жер бетіндегі тіршілік табиғатты қатаң заңына бағынып дамиды. Сондықтан адамзат өркеніеті тұрақты даму үшін осы заңдар мен қағидалардан ауытқымауы керек.

Ә.Құсайыновтың сайлауалды тұғырнамасының тағы бір маңызды бағыты – өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері.

Кандидаттың айтуынша, өнеркәсіптік қауіпсіздік дегеніміз – өнім мен өндірістің қауіпсіздігі, көптенпейлі стандарттау мен сертификациялау туралы техникалық регламенттерді, нормаларды қатаң ұстану.«Менің мақсатым – осы нормалардың ашық және дұрыс орындалуына қол жеткізу».

Барлық қоспорындар өз жұмыстарын қоршаған ортаға ықпалы мейлінше аз болатындай етіп жүргізулері керек», – деп қорытынды Әбілғазы Құсайынов.

Сонымен қатар «Қызылжар су» бірлестігінің жұмысшылары алдында республикалық штаб жетекшісі Рүстем Жоламан сөз сөйледі.

Р.Жоламан экологиялық түйткілдердің маңыздылығына тоқталып, оны дер кезінде шешу қажеттігін атап өтті.

ЕЛДІҢ САЯСИ ӨМІРІНДЕГІ ЕҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒА

– Сайлаушылар өздерінің қай сайлау учаскесіне барын дауыс беру керектігін қалай біле алады? – Әрбір сайлау учаскесі 3000-нан аспайтын сайлаушы болатынын ескеріліп, құрылған. «ҚР Сайлау туралы» Конституциялық заңының талабы бойынша сайлаушы өзінің тіркелген мекен-жайы бойынша тізімге алынады. Облыстағы сайлау учаскелерінің 67 оқу орнында, 22 пайыз мәдениет үйлері мен ауылдық клубтарда орналасқан, қалған 11 пайыз емдеу мекемелері, шаңайдағы вахталық қоныстар мен әскери бөлімдер және т.б. құрайды. Тұрғылықты мекен-жайын өзгертегген адамдар бүгүрген сайлаушылар өз дауыс беретін сайлау учаскесінің мекен-жайын біледі, учаскелердің мекен-жайының көпшілігі өзгерген жоқ. Учаскелердің саны жағынан да өзгеріс аз, 2012 жылдан бері облыс бойынша Қызылорда қаласында жаңа 2 сайлау учаскесі ғана құрылды. Осыған дейін атап өткенімдей, облыс әкімдігінің ресми сайтынан өзін қай сайлау учаскесінде тіркелгендігін тексере алады, әкімдікке, ал 5-сәуірден кейін сайтта көрсетілген деректер бойынша қалалық аудандық сайлау комиссиясы арқылы немесе «18», «169» анықтамалық қызметтері арқылы сайлау учаскелеріне хабарласа алады. 10-сәуірден бастап сайлау учаскесіне барып өз туралы деректерді ілінген тізімнен тексеріп, түзету енгізуге өтініш бере алады.

Учаскелік сайлау комиссиялары 15-сәуірден кешкітрімей сайлаушыларды дауыс беруінің орны мен уақыты жайлы хабарландырады, біздің тәжірибемізде тиісті учаске тізімінде тіркелген сайлаушыларға

дауыс беретін орны туралы барлық деректері көрсетілген «шақыру» табысталады.

– Сайлаудың тәртібі мен ережесі туралы түсіндіріп берсеңіз. – Сайлауды өткізудің тәртібі «ҚР Сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңымен реттелген. Осы заңның негізінде ҚР Орталық сайлау комиссиясының қаулыларымен бекітілген нұсқаулармен басшылыққа алынады. Дауыс беру 2015 жылғы 26 сәуір күні сағат 7-де басталып, кешкі 20.00-де аяқталады. Осы уақыттың ішінде 18 жасқа толған ҚР азаматы өзінің тіркелген сайлау учаскесіне барып, комиссия мүшесіне жеке басын куәландыратын құжатын беруі қажет. Комиссия мүшесі осының негізінде 1 сайлау бюллетенін береді. Сайлаушы арнайы кабинаға кіріп, өзінің таңдауын жасаған кандидаттың тұсындағы шаршының ішіне белгі қойып, бюллетенді арнайы дауыс беру жәшігіне салады.

– Сайлау барысын бақылау үшін иштелдердің қанша байқаушы келеді? Шетелдіктерден өзге байқаушылар бола ма? – Бүгінге дейін 435 байқаушы тіркелген. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдарға байқауға қатысуға шақыруды және олардың байқаушыларын акредиттеуді ҚР Орталық сайлау комиссиясы іске асырды. Орталық сайлау комиссиясы осы уақытқа дейін шет мемлекеттерден және ЕҚУДБ (ОБСЕ) бюросының миссиясы, ТМД байқаушылар миссиясы, Шанхай әріптестік ұйымы байқаушыны миссиясынан 400-ден астам байқаушыны тіркеген. Сайлау барысын бақылау үшін қазіргі уақытта біздің облысымызда

ЕҚУДБ бюросы миссиясынан ұзақ мерзімді 2 байқаушы өз жұмысын жүргізуде. Осы ұйымнан қысқа мерзімді байқаушылар және өзге де шетелдік байқаушылар қатысады деп күтілуде. Сайлау заңнамасы бойынша ҚР саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерінен, кандидаттарын сенім білдірген адамдары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері байқаушы бола алады.

– Сайлау учаскелерінің жұмыс тәртібі мен олардың міндеттері қандай? – Учаскелік сайлау комиссиясы тиісті учаскелдегі сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді. Комиссия 7 мүшелен тұрады және шешімді дауыс беру арқылы алқалы түрде қабылдайды. Учаскелік сайлау комиссиясы өзінің орналасқан жері туралы сайлаушыларды хабарландырады, 5-сәуірден бастап азаматтарды сайлаушылардың тізімімен таныстырады, сайлаушыларды дауыс беру күні, уақыты және орны туралы хабарландырады, дауыс беруге арналған үй-жайды дайындайды, сайлау күні дауыс беруі ұйымдастырады, дауыс санауды жүргізеді және учаскелеті дауыс беру нәтижелерін анықтайды, арыз-шағымдарды қарайды, т.б. сайлау науқанына байланысты кезекшілік кестесі бекітілген, сондықтан олар жексенбі, мереке күні де жұмыс жасайды.

– Наурыздың 26-сынан бастап Президенттікке кандидаттардың сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары басталды. Осы үгіт-насихат жүргізудің тәртібін түсіндіріп өтсеңіз? – Үгіт-насихат жүргізу үшін мемлекет кандидаттардың барлығына тең дәрежеде жағдай жасайды. Олардың 1035 адамы дейін тіркей алады. Бүгінгі күнге ҚР Президенттігіне кандидат Ә.Құсайыновтың – 11, Н.Назарбаевтың – 1035, Т.Сыздықовтың – 11 сенім білдірген адамы тіркелген.

– Кандидаттардың өзге оларды қолдау жөніндегі қоғамдық штаптардың сайлаушылармен кездесуі үшін қандай жағдайлар жасалған? – Осыған дейін атап өткендей, ҚР ОСК қаулысымен үгіт жұмыстарына республикалық бюджеттен 7 млн 10 мың теңгеден қаражат бөлінген, соның ішінде

сайлаушылармен кездесу өткізулері үшін орын-жай жалдауда 200 мың теңге бөлінген.

– Шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың байқаушыларына, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арналған жәрдемдесу орталығының жұмысы туралы айтып өтсеңіз... – Халықаралық байқаушыларға және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне жәрдемдесу орталығы ҚР Орталық сайлау комиссиясының ұсынысымен құрылып, 2005 жылдан бастап жұмыс жасайды. Жетекшісі – Кеншімбай Темірболат Ыбырайұлы. Жұмыс ауқымы біздің облысқа байқау жүргізуге келген шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушыларының жұмысын ұйымдастыру, яғни қажетті анықтамалық мағлұматтармен қамтамасыз ету, сайлау процесіне қатысушылармен кездесуін ұйымдастыру, пресс-конференция өткізуге жәрдемдесу сынды мәселелерді қамтиды.

– Биылғы сайлаудың ерекшелігі қандай? Оған кімдер қатыса алады? – Сайлау заңнамасы үздіксіз жетілдіріліп отыр. Бұл орайда өткен сайлаулардың тәжірибесі мен халықаралық ұйымдардың ұсыныстары ескерілген. Өзгерістер сайлаушылардың дауыс беру, кандидаттардың сайлауға қатысуының құқықтарын тең жағдайда іске асыруын қамтамасыз етуге бағытталған. Сайлауда 18 жасқа толған ҚР азаматы қатыса алады.

– Әңгіменізге рахмет.

Сұхбатты жүргізген
Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

● ЗАМАНДАС КЕЛБЕТІ

Тәуелсіз еліміздің тәжірибесі мол әскери мамандар қатарында есімі құрметпен аталатын ол, әріптестерінің пікірінше, өз ісін жетік білетін оқ пен отта шырдалған нағыз генералдардың бірінен саналады. Қай қызметте болсын ұйымдастырушылық қабілетімен, мінез-құлқымен, ақыл-парасатымен танылған оның әскери шені генерал-майор. Қашан да ашық-жарқын, қазақылғы да басым, ұлтжанды командирдің қаталдық танытатын сөттері аз ұшыраспаса, әскери тәртіпті мұрат тұтатын ол қайсарлығымен де ерекшеленеді.



ГЕНЕРАЛ

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жауынгерлік дайындық департаменті бастығы лауазымынан запасқа шыққан генералдың өмірлік тәжірибесін жоғары бағалаған сала басшылығы оны бытырғы онының маусымда Қызылорда облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаментке басшылық қызметке тағайындаған болатын. Бүгінгі әңгіме жерлесіміз, генерал Әлімжан Ернұязов туралы болмақ.

Қазыналы Қазалы топырағында 1955 жылы 9 сәуірде дүниеге келген Әлімжан Қанағатұлы мектеп қабырғасында “Кім болам?” деген тақырыпқа жазған шығармасында: “Мен түбінде офицер болуға міндеттімін. Ол үшін ештеңеден аянбаймын да, қорықпаймын да. Алдыма қойған мақсатым осы” — деп жазған екен. Сол арман жетегімен Алматы қаласындағы маршал И.С.Конов атындағы жоғары командалық жау әскерилер училищесіне құжат тапсырған бозбала сынақтан сүрінбей өтіп, курсант атанса, 1977 жылы аталмыш оқу орнын тәмамдап, офицерлік жолын таққан. Кейініркiмiздiң училищелiгi де бiрiншi командирi бүгiнде сенатор Абай Тасболатов болатын.

Әскери бiлiмге жаңа келген жас маманды қорамқорлықтарына алып, бiлгендерiн үйретуден жалықпаған алғашқы командирлерi, капитандар Александр Поляков пен Анатолий Ленсков, аға лейтенант Анатолий Фертих пен Абай Бектеновтердiң жасаған жақсылықтары әлi күнге есiнен кетпейдi. Таңдаған жолынан таймаған азамат қызметке сатылап өсiп, әрiптестерiнiң сенiмiне не бола бастаған-ды. Сөйтiп жүргенде жас офицердiң бейбiт күнде қолына қару ұстауына тура келдi.

1979 жылғы 27 желтоқсан. Батальонмен бiрге Алматы қаласы жанындағы Іле оқу орталығы полигонында жүрген-дi. Жеке құрам аяқ астынан дабылмен көтерiлдi. Бастапқыда жаттығу жұмыстарын пысықтау үшiн ұйымдастырылған дабылдардың бiрi деп ойлаған. Бiрақ, олай болмады. Асығыс жиналып, жолға шықты. Жаса жылды болат жол бойында қарсы алған олар эшелоннан 1980 жылдың алғашқы күнi Термек қаласынан бiр-ақ түстi. Ал тәрiптiңiң қантарда техника, қару-жарақ пен оқ-дәрiлердi дайындауға бағытталған кешендi шаралардан кейiн полк өзiнен понтон көпір арқылы өткe бастатты. Нағыз жүз жағдайына көшкен полк қолбасшылығы аға лейтенант Ернұязовтың взводын полктiң жорықтық қозғалыстағы қауіпсіздігін тылдан қамтамасыз ету бөлімшесі етіп тағайындады. Бұл — жау нысанына

бірінші ілігетін осы бөлім деген сөз. Сонымен взвод лектің ең соңында, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету тапсырмасымен жүретін болды.

Қолдан қару түспейтін күндер жалғаса берді. Не үшін соғысын жүргізгенді және оның қашан аяқталары белгісіз. “Жүк-200” деп аталатын табыттардың елге тоқтаусыз қайтарылуы күнелікті әдетке айналса, жаралылар саны азаяр емес. Бейнебір кинолардан көрген Ұлы Отан соғысындағы көріністер тіпті көбіейіп кеткен. “Ер басына құн туса, етігімен су кешер” деген сірә, осы болса керек. Пәкістанның солтүстігі мен Ауған шекарасының жағалауымен солтүстіктен оңтүстікке созылып жатқан, дұшпандардың әр түрлі әскери мақсаттағы база ретінде пайдаланатын Тұрабура патшалық, Ауғанстанның Қытайға шығатын солтүстік-шығыс бағытындағы Асадабад провинциясының Нангалам елді мекені Ернұзавтың есінде ерекше қалыпты.

Бірде жерлесіміз басқартыын взвод сарбаздары батальон құрамында көрші бірінші батальонмен бірге бағыттас болыпты. Олар Нангаламға жакындау тау шатқалына иек артқанда күтпеген жерден дұшпандар оқ жаудыра қарсы алыпты. Енді әрі қарай жүру қауіпті болғандықтан, ең бастысы қоршаудан аман-есен шығу керек. Өйткені, көп кешеуілдеуге уақыт жоқ. Қаншама жауынгер тағдыры таразыда тұрған. Батальон командирі, әскери өмірдегі ұстаздарының бірі, капитан Анатолий Фертих оны өзіне шақырып, батальонның шатқалдан кері қайтуын бүрік-мелеуді (арьергард) қамтамасыз етуді бұйырды.

Осы сәтті генерал-майор Әлімжан Қанағатұлы бйлай еске алады: “Шатқалдан кері қайтуға бұйрық алып, қаруластарыма қайтып келгеніме дұшпандар үш жатқан оқ жаудырып тұрды. Шығын жоқ десек те, қарша бораған оқтан бас көтеру мүмкін емес. Батальон командирінің қасына әреп жеттім де, «неге жатырмыз, қайда барамыз?» деп сұрадым. Мен коман-дирдің сарбаздарды аман алып қалудың қамын ойлап жатқанын бағамдап, ка-питан досым Фертихтің жан дүниесін түсініп тұрдым...”

Тапсырманы аяғына дейін орын-дап шығуға рұқсат сұраған аға лей-тенант “Взвод, ұрысқа” деп қамалда беріп, алға ұмтылыпты. Кейін барып білді. Оларға жоғарыдан оқ борат-қан дұшпандардың алдын кес-ке-сеу-ге алғашқы болып бірінші рота командирі, капитан Байғали Қоқымба-

ев бас көтерген екен. Қас-қағым сәтте Әлімжаның өзі де оққа ұша жаздап, оны байқамақ. Міне, Ауғанстанның Нангалам елді мекені маңындағы осы ұрыстан кейін ол қаруласы Байғалиды “екінші бауыры” санайды. Маған екінші рет өмір сыйлаған жан деп, Байғали досым ағасының құрметтейтіні содан болса керек. Қазір бірі генерал-майор, екіншісі полковник.

Ал алауаған армандары Алматы-дағы әскери оқу орнында тоғысып, Ауған жерінде оқ пен оттың ара-сынан аман қайтқан қандықойлек до-сы, курсант кезден егіз қозыдай болған Ахмет Арықбайұлы құрдас жапа емес, қиналғанда ақыл қосар қамқоршысы да. Өмірдің алысмен мен тұтысып бірге бөліскен полковник досы Ахмет Жайылбаев қазіргі таңда Қарағанды қаласындағы екі дүркін Кеңес Одағының Батыры, авиация генерал-майоры Тағат Бигелдинов атындағы республикалық әскери мектеп-интернатының бастығы. Тәуелсіз еліміздің төл әскеріне кәсіби мамандар осында даярланады.

Із, айта берсе, әңгіме көп. Жақ-сының жақсылығын жеткізуге қашан да сөз табылары анық. Алғаш рет 1977 жылы взвод командирлігінен бас-талған әскери өмір рота командирі, батальон штабының бастығы қызметіне жалғасты. Елгезек сардардың еңбегін оқ бағалаған жоғарғы қолбасшылық М.В.Фрунзе атындағы Академияға оқуға жіберді. Оны бітірген соң біраз жыл Чехословакияда, Ресей Феде-рацияының Калининград облысында мототықштар батальонының команди-рі болған.

1992 жылдың ақпан айында тұтан топыраққа оралған ол Жезқазған облысына қарасты Балқаш қаласының әскери комиссарлығына тағайындалған. Тәуелсіз елімізде бұл кезде қорғаныс істері жөніндегі комитет болатын. Бұрын қызметте жүрген офицерлер мен мерзімнен тыс қызмет әскерілерінің көпшілігі өз елдеріне кете бастаған. Енді Қазақстан Республикасы үшін өз Қарулы Күштерін құру қажеттігі туындады. Оған дайындық жұмыстары оққа алынғанда “жаны ашмақтақ” әскери бөлімдер мен мекемелерді тонай бастаған. Осы жағдайлар көніліне қауа түсірген подполковник Ернұзов қайтадан әскери гарнизондарға сұрана бастады. Ақыры арнайы әскери ма-мандығы бар, оның ұстасы соғыс да-ласында шыңдалған кәсіби офицер Семей облысына қарасты Георгиевқа елді мекеніндегі мототықштар пол-кіне командир болып тағайындалып

ты. Бұл кеңес дәуірінде “аты шыққан” гарнизондардың бірі болған. Жағдайы жетісіп тұрғаны да шамалы. Бірақ, қашанда қиындықтан қаймықпайтын қайыр-ұл қызу іске кіріскен.

Өмір соқпақтары үнемі сәтті бола бермейтін бекітіл. Кейінірек осындай жағдай тағы қайталған. 2003 жылдың шілдесінде Әлімжан Қанағатұлы Астанада оқ-дәрілер мен арсеналдар бас басқармасының бас-тағы болды. Сөйтсін жүргенде аталған басқарма бағынысындағы “Тоқсару” гарнизонында оқыс оқиға орын алды. Араға алты ай салып ол “атышылуы” Отар стансасына жақын орналасқан Гвардейск гарнизонындағы оқу орта-лығы бастығының орынбасары, одан бастығы болған.

Айтпақшы, осының алдында Өс-кеменде болған кезіндегі қызметі де жемісті болды. Ел алдындағы есепі еңбегі бағаланған полковник Әлімжан Ернұязовқа Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арнайы Жарлығымен “генерал-май-ор” атағы берілді. Қорғаныс министр-лігіндегі қызметке де сол жерден келген болатын.

Санамалы түссек, жерлес гене-рал Америка Құрама Штатының Там-па қаласында Қазақстан Республи-касының атынан өкілетті қызмет ат-қарған. Елге оралған соң тура бір жыл өткенде АҚШ-тан оның атына “Құрметті аймақ” ордені келіпті. Мұны америкалықтар солдаттық, офицерлік және командарлық сатылары береді екен. Осы орденмен қазак ұлтының үшінші, ал офицерлік дәрежедегі бірінші өкілі болып генерал-майор Ернұзав марапатталыпты. Деректерге жүгінесек, Ұлы Отан соғысы кезіндегі әскери қызметтеріне байланысты қос қазақ солдаттық дәрежедегі ордендерге не болатын.

Әлімжан Қанағатұлы сондай-ақ “Батыс” өңірлік қолбасшылығында қолбасшының орынбасары, бірінші орынбасары — штаб бастығы және қолбасшы лауазымдарында болыпты. Ол құралды қозға ағатын мерген, сондай-ақ доп қуу, сақа жүзу, шаңғы тебуде талайды шаң қаптырған сай-мысқары, қысқасы “сегіз қырлы, бір сырлы” тұлға.

Әлімжан бауырымыздың осынау қол жеткізген барлық жетістіктеріне айрықша үлес қосқан жан құдай қосқан қосағы десек, артық айтаған болармыз. Алайда, Сақпы келініміз өмірден ерте озмыпты. Бірақ, Римма, Сәуле және Айсылу есімді қыздарымыз ауылу аналарының орнын жоматпайт, қамқор әкелеріне қоланған болууда. Шаңыратқы ұйытқысы Сақпы келін бақылық болғанынан кейін арада төрт жарым жыл өткенде, 2013 жылы Әлімжан ініміз Баймақханбетқызы Зарина келінімізбен отау құрыпты.

Әріптестері арасында атақты ге-нерал атанған жерлесіміз Әлімжан Ка-нағатұлы жайлы мааламызға нүкте қоя отырып, Мемлекеттік “Дарын” жастар және Журналистер одағы сай-лықтарының лауреаты, сылбас інісі Марат Жүнісбектің мына сөзімен аяқтағанды құп көрдік.

“Жетісулық ақын, марқұм Есенқұл Жақыпбековтің “Біздің елдің жігіттері, жігіттердің төресі” деп басталатын әнін естіген сайын Әлімжан ағаны, ал Әлімжан ағаны көрген сайын сол әнді еске аламын. Өйткені, әнінің әрбір сөзі өмірлік ұстазын ұлықтаған қазактың марқаса ұлдарының мінезін боямасыз ашып тұрады емес пе? Мен білетін Әлекең, ауған соғысының ардагері, генерал-майор Әлімжан Ернұзав осындай адам”.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

ЖОБАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК САРАПТАУ

«Жобаларды мемлекеттік ве-домстводан тыс сараптау» ша-руашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік қа-сіпорны «Мемсараптама» РМҚ негізгі қызметі — жобаларға (жо-балау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттамаға) мемле-кеттік сараптама жүргізу болып табылады.

«Мемсараптама» РМҚ қызме-тінің мақсаты: қала құрылысын жоспарлау, аумақтарды дамыту және салу, әлеуметтік, өндірістік, рекреациялық, инженерлік және көлік инфрақұрылымдары объек-тілерінің (энергиямен, сумен, жылумен және электрмен, магіст-ралдық көлік, байланыс, комму-никациялар, коммуналдық тұрғын үй шаруашылығы және тіршілікті қамтамасыз ететін басқа да жүйелерінің объекті-лерін қоса алғанда) құрылы-сы жобаларын кешенді бағалау болып табылады. Яғни, мемле-кеттік сараптамаға ұсынылған жоба-сметалық құжаттаманың ҚР Құрылыс нормалары мен ере-желеріне сәйкестігіне сараптама жүргізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 та-мыздағы №918 қаулысымен бе-кітілген «Қаржыландыру көз-деріне қарамастан құрылысқа арналған жобалау алдындағы (техника-экономикалық негізде-мелер) және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаға сараптама жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялар есебінен салынып жатқан жобаларды бекіту ереже-

сінің» 10-1 тармағының талап-тарын іске асыру мақсатында «Мемсараптама» РМҚ www. epsd.kz Интернет порталы ар-қылы электронды түрде жобалау-сметалық құжаттамасын қабыл-дауды жүзеге асырды.

Өтініштер беру, жобалау-сметалық құжаттамасын және бастапқы рұқсат ету құжатта-рын ұсыну Интернет-порталда-ғы «еже кабинет» функциясы арқылы электронды түрде жү-зеге асырылады. Функцияны іске асыру жобалау құжаттамасын мемлекеттік сараптамаға тап-сыру кезінде бірыңғай элект-ронды деректер базасын енгізуге, жобалау-сметалық құжаттама-сына сараптама жүргізуге өті-ніштер беру мерзімін қысқартуға және қарауға өтініш берушімен тиімді интерактивті қарым-қаты-нас орнатуға қол жеткізеді, сон-дай-ақ өтініш берушіге өз бетімен (Интернет-порталдың жеке каби-неті арқылы) мемлекеттік сарап-тама жүргізу барысын қадағалап отыруына мүмкіндік береді. Ол дегеніміз — сараптама қызметі жүйесінің ашықтығы мен айқын-дығының көрінісі.

Жоғарыда аталған Үкімет қаулысына сәйкес, Жобалардың сараптамасы олар бекітілгенге дейін жүргізіледі. Міндетті са-раптамаға жататын, бірақ белгі-ленген тәртіппен одан өтпеген құрылысқа арналған жобалау алдындағы немесе жобалау (жо-балау-сметалық) құжаттамасы аяқталмаған болып саналады және одан әрі іске асыруға жат-пайды. Жобалардың сарапта-масын тиісті аттестатты бар сарап-шылар жүзеге асырды.

